

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2014 ж. 9 айы бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері туралы

3 желтоқсан

2014 ж.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі - Банк) 2014 ж. 9 айы бойынша жарты миллиард доллардан асатын (\$504,1 млн./Т92.0 млрд.) аса жоғары шоғырландырылған таза кірісті алды. Бұл Банк және Қазақстандағы банк секторының бүкіл тарихы бойынша ең жоғары нәтиже.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрайымы Үміт Шаяхметова: «Халық тобы сырттай өзгерістерге өзінің төзімділігін, сондай-ақ акционерлер мен Директорлар кеңесі қойған бизнес-міндеттерді тиімді шешу қабілеттілігін кезекті рет көрсетті. Бұны HSBC халықаралық қаржылық тобының қазақстандық еншілес банкіні сатып алу жөніндегі мәміленің табысты аяқталуы, UnionPay International аса ірі халықаралық төлем жүйесімен бірігіп Altyn UnionPay және Altyn UnionPay Gold бірегей ко-брендтік төлем карталарын шығару бойынша жобаның іске асырылуы және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға табысты түрде қатысу, соның ішінде ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (ҰКП) бірігіп қол қойған Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі меморандум шеңберінде, сондай-ақ әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктері берген жоғары бағалар қуәландырады. Біз бүгінгі күні «Халық» Тобы көрсететін керемет нәтижелерге жетуді мүмкін еткен менеджменттің, ұжымның, серіктестердің, акционерлер мен инвесторлардың жұмыла салған күшін жоғары бағалаймыз», - деп атап өтті.

2013 ж. 9 айына қарағанда 2014 ж. 9 айы ішінде **құнсыздану қорына аударуға дейінгі таза пайыздық кіріс** 97.7 млрд. теңгеге дейін 26.7%-ға көбейді, ал құнсыздану қорына аударулар 96.9%-ға төмендеді. **Қызметтер бойынша кірістер және транзакциялық банкингтен келіп түсетін комиссиялар** (яғни зейнетақы қорынан және активтерді басқарудан келіп түсетін кірісті шегерумен) Банктің транзакциялық бизнесі көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 ж. 9 айына қарағанда 2014 ж. 9 айы ішінде 11.2%-ға өсті.

2013 ж. 31 желтоқсанға қарағанда **Банк активтері** 13.5%-ға өсті. Клиенттерге берілетін қарыздар мерзімі өткен қарыздарды есептен шығару есебінен брутто негізінде 0.7%-ға төмендеді, және нетто негізінде 2.3%-ға өсті.

NPL 90+ 2014 жылғы 30 маусымдағы 15.4%-ға қарағанда 2014 жылғы 30 қыркүйекте 14.1%-ға төмендеді. NPL 90+ төмендеуі көбінесе 2014 ж. шілде мен қыркүйек айларындағы мерзімі өткен берешекті өтеу, сондай-ақ ауылшаруашылық секторындағы мемлекеттік субсидиялау бағдарламасы бойынша бірнеше мерзімі өткен қарызды қайта қаржыландыру есебінен және 2014 ж. сәуір айында салық заңнамасына өзгерістер енгізілгеннен кейін корпоративтік сектор мен ШОБ секторында мерзімі өткен берешекті есептен шығару есебінен пайда болды. Банк 2014 ж. 30 қыркүйектегі жағдай бойынша NPL 90+ 107.4%-ға жабатын ХҚЕС провизияларын құрды.

Занды және жеке тұлғалардың депозиттері қаржы нарықтарының тұрақсыздығы аясында салымшылардың ақшалай қаражатын сенімді банкке салғысы келгендіктен 2013 ж. 31 желтоқсанға қарағанда тиісті түрде 9.7% және 13.3% ұлғайды.

Кредиттік мекемелер қаражаты көбінесе 2014 ж. 3-ші тоқсанында «ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ-нан ауылшаруашылық секторында жұмыс істейтін компанияларға берілетін қарыз сапасын жақсарту үшін 51.5 млрд. теңге мөлшерінде қарыз алу есебінен және 2014 ж. 2-ші тоқсанында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-нан өңдеуші өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қолдау үшін 20 млрд. теңге мөлшерінде қарыз алу есебінен 21.1%-ға өсті.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар 2013 ж. 31 желтоқсанға қарағанда көбінесе 2014 ж. ақпандағы теңгенің девальвациясынан кейін жаңа айырбастау бағамымен АҚШ долларына деноминацияналған еврооблигацияларды қайта бағалау нәтижесінде 16.3%-ға көбейді. 2014 ж. 18 қарашада Банк 100 млрд. теңгеге 7.5% купондық ставкамен және 2024 ж. қараша айында болатын өтеу мерзімімен «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ-на облигацияларын орналастырды.

Банктің меншікті капиталы 2013 ж. 31 желтоқсанға қарағанда көбінесе 2014 ж. 9 айы ішінде алынған таза кіріс есебінен 17.9%-ға көбейді. 2014 ж. 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай бойынша барлық аралық қаржылық ақпарат, соның ішінде ескертпелер, Банктің вэб-сайтында қолжетімді:

<http://halykbank.kz/ru/about/reports>.

«Қазақстан Халық Банкі» клиенттер базасы және таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банк болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді және өзінің бөлік сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнестегі клиенттеріне, корпоративтік клиенттерге қызметтердің кең ауқымын (банк қызметтері, сақтандыру, лизинг, брокерлік қызметтерді және активтерді басқару жөніндегі қызметтерді) ұсынуда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі,
тел. +7 727 2 590 816,
www.halykbank.kz